

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына кәсіпкерлік қызмет мақсатында жеке тұлғалар импорттайтын тауарларды, оның ішінде акцизделетін тауарларды жатқызу өлшемшарттарын, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына салық салынатын тауарлар импортының мөлшерін түзету қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 11 қарашадағы № 690 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 12 қарашада № 37384 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 512-бабына, 535-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына және 518-бабының 7-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Тауарларды, оның ішінде акцизделетін тауарларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына кәсіпкерлік қызмет мақсатында жеке тұлғалар импорттайтын тауарларға жатқызу өлшемшарттары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына салық салынатын тауарлар импортының мөлшерін түзету қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланған бірінші күннен кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

М. Такиев

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
2025 жылғы 11 қарашадағы  
№ 690 бұйрығына  
1-қосымша

**Тауарларды, оның ішінде акцизделетін тауарларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына кәсіпкерлік қызмет мақсатында жеке тұлғалар импорттайтын тауарларға жатқызу өлшемшарттары**

1. Осы Тауарларды, оның ішінде акцизделетін тауарларды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына кәсіпкерлік қызмет мақсатында жеке тұлғалар импорттайтын тауарларға жатқызу өлшемшарттары (бұдан әрі - Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 512-бабына сәйкес әзірленген және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет мақсатында жүзеге асырылатын деп танылған тауарларды әкелу кезіндегі тәртібін айқындайды.

2. Жеке тұлғалардың Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды әкелуі мынадай жағдайларда кәсіпкерлік қызмет мақсатында жүзеге асырылатын болып танылады:

1) егер осы тармақтың 2) тармақшасында өзгеше көзделмесе, мұндай тауарлардың құны күнтізбелік жыл ішінде республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 360 еселенген мөлшерінен асады;

2) 1 (бір) жыл ішінде мынадай мөлшерде тауарлар әкелінді:

жүннен жасалған бұйымдар, оның ішінде бас киімдер – бір адамға бір атаудағы 1 (бір) заттан артық;

ұялы телефон – бір адамға 2 (екі) бірліктен артық;

планшет – бір адамға 2 (екі) бірліктен артық;

стационарлық, портативті (портативті) компьютер және оған керек-жарақтар – бір адамға 2 (екі) бірліктен артық;

зергерлік бұйымдар – бір адамға 5 (бес) астам зат;

велосипед – бір адамға 1 (бір) бірліктен артық;

балалар арбасы – бір адамға 2 (екі) бірліктен артық;

көлік құралдары, оның ішінде жиналмаған түрінде – 1 (бір) бірліктен артық.

Ескертпе:

Осы Өлшемшарттар пайдаланылған және жүру жолында және (немесе) межелі жерде қажетті тауарларға қатысты қолданылмайды:

жүру жолында және (немесе) межелі жерде, оның ішінде маусымдылығын, сапардың мақсатын, көлік түрін ескере отырып пайдалану;

тозу, оның ішінде сызаттар, ойықтар, өзге де механикалық зақымданулар, жуу белгілерінің болуы;

биркалардың, затаңбалардың, жапсырмалардың, бастапқы қаптамалардың болмауы.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
2025 жылғы 11 қарашадағы  
№ 690 бұйрығына  
2-қосымша

## **Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына салық салынатын тауарлар импортының мөлшерін түзету қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарлардың салық салынатын импортының мөлшерін түзету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 518-бабының 7-тармағына (бұдан әрі – Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарлар әкелу кезінде салық салынатын импорт мөлшерін түзету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) тауарларға сараптама актісі (қорытындысы) – Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі – Ұлттық палата) тауардың шығарылған жерін анықтау жөніндегі сараптамасын қоспағанда, тауарларға жүргізілген тәуелсіз сараптама қорытындысы бойынша беретін құжаты;

2) тауарларды бағалау есебі-жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша бағалау қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған жазбаша құжат;

3) біртектес тауарлар – өздеріне тән негізгі белгілері: физикалық сипаттамалары, сапасы мен нарықтағы беделі, шыққан елі және өндірушісі бірдей тауарлар;

4) ұқсас тауарлар – біртекті болмаса да, ұқсас сипаттамалары мен құрамдас бөліктері бар, сол арқылы бірдей функцияларды орындауға және өзара алмастырылуға мүмкіндік беретін тауарлар.

## **2-тарау. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарлардың салық салынатын импортының мөлшерін түзету тәртібі**

3. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды импорттайтын салық төлеуші Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген (әкелінетін) тауарлардың құнын растайтын құжаттар негізінде не олар болмаған кезде осы Қағидалардың 5-тармағында белгіленген ақпарат көздері негізінде айқындалатын салық салынатын импортының мөлшерін дербес түзетеді.

4. Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген (әкелінетін) тауарлардың құнын растайтын құжаттарға мыналар жатады:

1) Салық кодексінің 530-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген шарттар (келісімшарттар);

2) Салық кодексінің 530-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген шот-фактуралар;

3) Салық кодексінің 530-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тауарға ілеспе және (немесе) өзге де құжаттар.

5. Осы Қағидалардың 4-тармағында көзделген құжаттар болмаған кезде ЕАЭО шеңберінде салық салынатын импорттың мөлшерін түзету кезінде ақпарат көздері мыналар болып табылады:

1) Ұлттық палатаның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес беретін тауарларға сараптама актісі (қорытындысы) не Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы беретін тауарларды бағалау туралы есеп;

2) бағалар туралы мәліметтер:

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарлар бойынша салық есептілігін талдау жолымен алынған, мемлекеттік кірістер органдарында бар ұқсас (ұқсас) тауарларға осындай тауарлар әкелінгенге дейін 90 (тоқсан) күннен ерте емес;

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағына импортталған тауарлар бойынша салықтық есептілікті талдау жолымен алынған, мемлекеттік кіріс органдарында бар біртекті тауарларға ұқсас (ұқсас) тауарлар болмаған кезде мұндай тауарлар әкелінгенге дейін 90 (тоқсан) күннен ерте емес мерзімде.

3) "Трансферттік баға белгілеу туралы" Заңға сәйкес нарықтық бағалар туралы ресми танылған ақпарат көздері.

Бұл ретте ЕАЭО шеңберінде салық салынатын тауарлар импортының мөлшерін түзету кезінде ақпарат көздері осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген кезектілікте пайдаланылады.

6. Осы Қағидалардың 5-тармағының 2) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген ақпарат болмаған кезде, ЕАЭО шеңберінде салық салынатын тауарлар импортының мөлшерін түзету кезінде ақпарат көздері ретінде осындай тауарларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелгенге дейін алдыңғы күнтізбелік тоқсандарда қалыптасқан, бірақ 1 (бір) күнтізбелік жылдан аспайтын бірдей (ұқсас) немесе біртекті тауарлардың бағалары бойынша ақпарат пайдаланылады.

Егер осы Қағидалардың 5-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген ақпаратты қолдану кезінде мәміленің екі және одан да көп бағасы бірдей (ұқсас), ал олар болмаған кезде-біртекті тауарларға анықталса, онда салық салынатын тауарлар импортының мөлшерін айқындау үшін олардың ең азы қолданылады.

7. Осы Қағидалардың 5-тармағының 2) тармақшасында көзделген бағалар туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген (әкелінетін) тауарлардың құнын дербес растау мақсатында салық төлеуші мемлекеттік кірістер органдарынан сұратады.

Мемлекеттік кірістер органдары мұндай баға туралы мәліметтерді Салық кодексінің 45-бабына ескере отырып сұратылған тауарлар бойынша бағалық ақпарат тізбесін қоса отырып, 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынады.

8. Салық төлеушінің тиісті салық есептілігінде салық салынатын тауарлар импортының мөлшерін түзетуіне жол берілмейді:

1) тексерілетін салық кезеңі – кешенді және тақырыптық салық тексерулерін жүргізу кезеңінде;

2) шағымданатын салық кезеңі – шағым берудің қалпына келтірілген мерзімін ескере отырып, салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағым беру және оны қарау мерзімі кезеңінде;

3) салықтық тексеру жүргізілген салық кезеңдері бойынша.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
2025 жылғы 11 қарашадағы  
№ 690 бұйрығына  
3-қосымша

## **Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің күші Жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде салық салынатын импорт мөлшерін түзету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № 103 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16384 болып тіркелген).

2. "Кәсіпкерлік қызмет мақсатында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағынан жеке тұлғалар импорттайтын тауарларға тауарларды, оның ішінде акцизделетін тауарларды жатқызу өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № 104 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16375 болып тіркелген).

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 31 наурыздағы № 276 "Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" бұйрығының 1-тармағының 1) тармақшасы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22468 болып тіркелген).

4. "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде салық салынатын импорт мөлшерін түзету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № 103 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 16 шілдедегі № 685 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23587 болып тіркелген).

5. "Тауарларды, оның ішінде акцизделетін тауарларды кәсіпкерлік қызмет мақсатында импортталатындарға жатқызу критерийін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № 104 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 17 қаңтардағы № 43 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26556 болып тіркелген).